

А. Бейсегулова\* , Ж. Терекбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: aika\_n75@mail.ru

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ МЕН МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ ИТТІҢ БЕЙНЕСІ

Мақалада қазақ халқының фольклоры мен мифологиясындағы ит бейнесі, оның шаруашылық пен мәдениеттегі орны сипатталып, басқа да көшпелі халықтардың мәдени мұраларындағы ит образымен салыстырылады. Еуразия даласындағы иттің ерте кездерден орнын анықтау үшін мақалада иттің археологиялық қазбалардағы жерленуі, халықтың мифологиясындағы орны, фольклордағы көріністері мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мәдениетіндегі иттің қызметі зерттеледі. Зерттеудің мақсаты және міндеттері – Қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениетіндегі иттің қызметін орта ғасырлардан бергі сақталған иттің жерленген орындары арқылы зерттеліп, хронологиялық тұрғыда кейінгі кезеңдегі дәстүрлі қазақ қоғамындағы ит образының салыстырмалы түрде зерделенді. Нәтижелер. Зерттеу жұмысында П. Маковецкийдің, А.И. Добросмысловтың қалдырған жазбалары мен Клод Леви-Стросс, С. Қондыбай, А. Тойшанұлы, А. Тоқтабай, Ф. Арсланова, М. Шағырбаев және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу материалдарына тоқталып, олардың ерекшеліктері сипатталады. Қарастырылып отарған мәселе бойынша Қазақстан мен Еуразия даласындағы археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары, түркі халықтарындағы мифологиялық ұқсастықтар мен фольклор үлгілеріндегі иттің бейнесі беріледі. Сонымен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс тіршілігіндегі ит бейнесінің семантикалық сипаттарының орын алуы назарға алынады. Мақалада авторлар қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен дүниетанымында ерекше орын алған жылқы, қасқыр, қыран және төрт түлік малға байланысты киелі ұғымдарды түсіну халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық типінен, өмір сүру дағдысынан туындағанын көрсетеді. Халықтың қалыптасқан тотемдік наным-сенімдерді табиғаттың әртүрлі құбылыстары мен мәдениеттегі өзгерістер қазақ халқының тек төрт түлік малға емес, сонымен қатар, малды, үйді қоритын иттің де қызметінің маңызды болғанын көрсетеді. Мұны зерттеу мақалада толық қамту үшін арнайы деректер мен этнографиялық әдебиеттер қолданылу арқылы көрсетілген. Қорытынды. Мақаланың хронологиялық кеңдігі мен мәдени қолданыс аясындағы өзгерістерді ескере отырып, қазақ халқының мәдениетіндегі иттің орнын әртүрлі деректермен сипаттап, оның культ деңгейінде емес, қыран бүркіт сияқты аңшылықта жиі қолданыста болғаны айтылады. Сонымен қатар, иттің көшпелі өмірдегі қызметі мен қолданысы әлі де болса зерттеуді қажет екені аталып өтеді.

**Түйін сөздер:** дәстүрлі мәдениет, тазы ит, фольклор, мифология, мал шаруашылығы, тотемизм, культ, археологиялық зерттеулер, аңшылық, итті шаруашылықта қолдану.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстанның ежелгі және қазіргі мәдениетіндегі қасқыр мен иттің рөлін этнозооархеологиялық зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14869303).

А. Бейсегулова\* , Ж. Терекбаева

Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: aika\_n75@mail.ru

### Образ собаки в традиционной культуре и мифологии казахского народа

В статье описывается образ собаки в фольклоре и мифологии казахского народа, его место в хозяйстве и культуре, а также сравнивается с образом собаки в культурном наследии других тюркских народов. С целью определения положения собаки в евразийской степи с древнейших времен в статье рассматриваются захоронения собаки в археологических раскопках, ее место в народной мифологии, появления в фольклоре, функция и место собаки. собака в казахской культуре второй половины 19 века. Цель и задачи исследования – изучить функцию собаки в хозяйстве и культуре казахского народа через сохранившиеся со времен Средневековья захоронения собак, а также сравнить образ собаки в традиционном казахском обществе в более поздний период в хронологическом порядке. Полученные результаты. В исследовательской работе

П. Маковецкий, А.И. Записки, оставленные Добросмысловым и Клодом Леви-Строссом, С. Кондыбай, А. Тойшанулы, А. Токтабай, Ф. Арсланова, М. Шагырбаев и др. Ориентируясь на материалы исследований в работах ученых, описываются их особенности. По рассматриваемой теме представлены результаты археологических раскопок в Казахстане и евразийских степях, мифологические сходства у тюркских народов и образ собаки в фольклорных образцах. Кроме того, учитывается встречаемость смысловых характеристик образа собаки в традициях и образе жизни казахского народа. В статье авторы показывают, что понимание сакральных понятий, связанных с лошастью, волком, орлом и скотом, занимающих особое место в традиционном хозяйстве и мировоззрении казахского народа, возникло из типа хозяйства и образа жизни казахов. Народ формировался веками. Тотемные верования народа, различные явления природы и изменения в культуре показывают, что роль казахского народа была важна не только для домашнего скота, но и для собаки, охранявшей скот и дом. Изучение этого показано в статье с использованием конкретных данных и этнографической литературы по охвату цельной крови. Заключение. Учитывая хронологическую широту статьи и изменения культурного обихода, с различными данными описывается положение собаки в культуре казахского народа, и говорится, что она часто использовалась для охоты, подобно орлу и орлу, а не на культовом уровне. Кроме того, отмечается, что функции и использование собаки в кочевой жизни еще нуждаются в изучении.

**Ключевые слова:** традиционная культура, борзая, фольклор, мифология, скотоводство, тотемизм, культ, археологические исследования, охота, использование собак в хозяйстве.

Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан по теме «Этнозооархеологическое изучение роли волка и собаки в древней и современной культурах Казахстана» (индивидуальный регистрационный номер: АР АР14869303).

А. Beisegulova\*, Zh. Terekbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: aika\_n75@mail.ru

### **The image of a dog in traditional culture and mythology of the kazakh people**

The article describes the image of a dog in the folklore and mythology of the Kazakh people, its place in the economy and culture, and also compares it with the image of a dog in the cultural heritage of other Turkic peoples. In order to determine the position of the dog in the Eurasian steppe since ancient times, the article examines the burial of the dog in archaeological excavations, its place in folk mythology, appearances in folklore, the function and place of the dog. dog in the Kazakh culture of the second half of the 19th century. The purpose and objectives of the study are to study the function of a dog in the economy and culture of the Kazakh people through the burials of dogs preserved from the Middle Ages, as well as to compare the image of a dog in traditional Kazakh society in a later period in chronological order. Results. In the research work of P. Makovetsky, A.I. Notes left by Dobrosmyslov and Claude Levi-Strauss, S. Kondybay, A. Toyshanuly, A. Toktabay, F. Arslanova, M. Shagyrbayev and others. Focusing on research materials in the works of scientists, their features are described. On the topic under consideration, the results of archaeological excavations in Kazakhstan and the Eurasian steppes, mythological similarities among the Turkic peoples and the image of a dog in folklore samples are presented. In addition, the occurrence of semantic characteristics of the image of a dog in the traditions and lifestyle of the Kazakh people is taken into account. In the article, the authors show that the understanding of the sacred concepts associated with the horse, wolf, eagle and cattle, which occupy a special place in the traditional economy and worldview of the Kazakh people, arose from the type of economy and lifestyle of the Kazakhs. people have evolved over the centuries. The totem beliefs of the people, various natural phenomena and changes in culture show that the role of the Kazakh people was important not only for livestock, but also for the dog that guarded the livestock and the house. An examination of this is shown in the article using specific data and ethnographic literature on whole blood coverage. Conclusion. Given the chronological breadth of the article and changes in cultural usage, the position of the dog in the culture of the Kazakh people is described with various data, and it is said that it was often used for hunting, like an eagle and an eagle, and not at a cult level. In addition, it is noted that the functions and use of the dog in nomadic life still need to be studied.

**Key words:** traditional culture, greyhound, folklore, mythology, cattle breeding, totemism, cult, archaeological research, hunting, use of dogs in the household.

Expression of gratitude. The article was made within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic "Ethnozoarchaeological study of the role of the wolf and dog in the ancient and modern cultures of Kazakhstan" (individual registration number: АР 14869303).

## Кіріспе

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен шаруашылығында ғасырлар бойы қалыптасқан дағдылар мен дәстүрлер бар. Соның ішінде табиғат пен қоршаған ортаға, төрт түлікке, баспана мен отбасына және жалпы қоғамдық қатынастарға негізделген ғұрыптар, ұғымдар мен нанымдар қалыптасқан. Халқымыздың басым бөлігі айналысқан мал шаруашылығы көшпелі өмір сүру салтын ұстануға, жыл он екі ай табиғаттың тәртібіне мәдениетін бейімдеп ұстануға алып келіп отырды. Бұл табиғи және мәдени үрдістер төрт түлік малдың шаруашылықта ғана емес, мәдениет үліглерінде де жиі қолданып, этномәдениеттің негізгі бөлігі ретінде осы мал шаруашылығының аясында орын алды. Ал сол мал шаруашылығымен бірге көшпелі халықтар арасында тотемдік нанымдар да орын алды мысалы, көк бөріні, жылқыны кие тұту, төрт түлік малдың пірлерінің бар екеніне сену барлығы шаруашылық типіне байланысты шығып отырды. Осы тұрғыда халық өмірінде иттің де ерекше орын алғанын байқауға болады. Оны негізінен аңыздарда, мифтерден, фольклор үлгілерінен және археологиялық қазба жұмыстары материалдарынан көрініс тапқан. Сол сияқты XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба деректерде қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде иттің маңызды орын алғанын көрсетеді. Көк бөрі, ит сияқты аңдар мен жануарларды кие тұту Еуразия даласындағы көшпелі халықтарда тек қазақтарда ғана емес, сонымен қатар башқұрт, татар, қырғыз және түрікмен сияқты көптеген түркі халықтарында иттің маңызы жоғары болды. Итті қазақтар шаруашылық жағдайында қолданумен қатар, аңшылық, саясатшылықта да тиімді пайдаланды. Қазақ халқында иттің негізгі екі түрі болды, оның бірі – төбет (дүрегей) болса, екіншісі – тазы болды. Осы тазы арқылы қазақтар әр түрлі қоян, түлкі сияқты аңдарды аулады. Ал төбет итті мал қоруға, малды күзетуге пайдаланды. Жылдың төрт мезгілінде мал шаруашылығымен қазақтар үшін жақсы иттің қажеттілігі жылқы, бүркіт сияқты таптырмас тіршілік иесі болды.

Жалпы, қазақтар арасындағы иттің қажеттілігі мен маңызы жөнінде бірқатар зерттеулер жүргізілді. Оны ең алдымен А. Тоқтабайдың «Қазақ тазысына» арналған еңбегі ғылыми көпшілікке арналды. Сондай-ақ, кейбір мифологиялық аңыздар жинақтарында және ауызша тарих

үлгілерінде, аңшылыққа байланысты этнографиялық зерттеулерде, фольклор үлгілерінде итке байланысты деректермен зерттеу жұмыстары кездеседі. Мұның сыртында кейінгі кездері археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары мен есептерінде де иттің жерленуі, табылған иттің сүйектеріне қатысты зерттеулер жеткілікті.

## Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланың материалдық базасын қазақ халқының мифтері мен аңыздары, ауызша деректер құрайды. Сонымен қатар, XIX ғ. екінші жартысындағы орыс зерттеушілерінің қалдырған жазба деректері. Қазақстан территориясында әр кезде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындылары, зерттеу мақалалары мен фольклорлық жинақтар қамтылады. Сонымен қатар, аталмыш тақырып аясында Алматы облысы Іле ауданы, Жетісу облысы Көксу ауданында жүргізілген этнографиялық экспедиция материалдары да зерделенді. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қазақ халқының дүниетанымындағы, мифологиясында, фольклорында, археологиялық қазба жұмыстарында, этнографиялық экспедиция материалдары мен арнайы зерттеу әдебиеттерін жүйелеу, зерттелу тарихына қарай хронологиясына сараптама жасалды. Тақырыптың зерттелу деңгейінің әртүрлі болуымен, зерттеу нысандары мен пәнаралық байланысты қажет еткендіктен тарихнамалық талдауды қажет етеді. Мұнда тарихи салыстырмалы әдіс, зерттеудің дискурсивті әдістері, этнографиялық зерттеулер мен материалдарды сараптау, алынған сұхбаттар мен берілген мәліметтерді шынайылық тұрғысында сыни талдаудан өткізу әдістер қолданылды.

## Талқылау

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымындағы иттің алған орны мен маңызын археологиялық, мифологиялық, фольклор, этнографиялық зерттеу еңбектерінен тұрады. Хронологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, археологиялық қазба жұмыстарынан табылған итті жерлеу ғұрыптары, иттің сүйектері, көне аңыздар мен мифтердегі иттің орын алуы

аталмыш тақырыптың бірнеше тарихнамалық кезеңдері бар екенін көрсетеді.

Бірінші кезең бойынша, XIX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерді қамтиды. Оған П. Маковецкийдің «Юрта» атты мақаласын (Маковецкий, 1893: 5), А.И.Добросмысловтың «Разведение и содержание киргизами собак и кошек» атты мақаласында көрініс тапқан (Добросмыслов, 1898: 35). Сонымен қатар, Я.Я. Полферов «Охота в Тургайской области (с рисунками)» шыққан кітабында қазақ тазысына қатысты жан-жақты мәлімет беріліп, оның түр сипатына да мән берілген (Полферов, 1896: 17) және т.б. зерттеулерде кездеседі.

Зерттеу жұмысының екінші кезеңін археологиялық деректермен байланыстыратын болсақ, итті жерлеу ғұрпы немесе археологиялық қазба жұмыстарынан иттің сүйектерінің табылуына қарай отандық зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Оның ішінде неолит және энеолит кезеңдеріндегі итті жерлеу ғұрпы туралы мәліметтер В.Ф. Зайберт, А.В. Задорожныйдың «Исследование поселения Ботай в 2006 году» (Зайберт, 2007: 130–132) және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарында беріледі. Ал, Қола дәуіріндегі жататын жерлеу орындарында ит сүйектерінің табылуы М.К. Карабаспаковтың «Жетысу и Южный Казахстан в эпоху бронзы» (Карабаспаков, 2011: 220), сияқты еңбектерінен көрініс табады. Сол сияқты ежелгі көшпелілер ғұрпындағы итпен бірге жерлеу дәстүрі А.К. Абетековтың «О погребении собак в усуньском кургане в Чуйской долине» (Абетековтың 1978: 59-65), Д.А. Дюсееваның «Семантика захоронения собак, как проводника в иной мир и искупительной жертвы» (Дюсеева, 2017: 542-544), Б.Б. Қожахметовтың «Қазақ даласының ежелгі тұрғындарының дүниетанымы мен жерлеу рәсімдеріндегі ит бейнесі хақында» (Қожахметов, 2015), М.С. Шагирбаевтың «Ерте көшпелілердің өнері мен дүниетанымындағы ит бейнесі» (Шагирбаев, 2016: 136-142) және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Ортағасырлардағы итті жерлеу ғұрпы негізінен А.Г. Максимованың «Эпоха бронзы Восточного Казахстана» (Максимова, 1959: 86-150), Ф.Х. Арсланованың «Погребения тюркского времени в Восточном Казахстане» (Арсланова, 1969: 43-57), Л.И. Ремпель «Некрополь древнего Тараза» (Ремпель, 1957: 102-111), және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі.

Қазақ халқының өмір тіршілігіндегі және дүниетанымындағы иттің орны мен маңыздылығын халықтың мифологиясында, фольклор үлгілерінде сақталғанын көреміз, осындай типтегі зерттеу жұмыстарын отандық және шетелдік зерттеулерді қарауды жөн көрдік. Соның ішінде Клод Леви-Стросстың «Мифология: Человек голый» еңбегі (Леви-Стросс, 2007: 716), Джордж Волш «Ит культі» сияқты еңбектерді қарастыра келе (Волш, 1898: 120-123), отандық авторлардың ішінде С. Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» (Қондыбай, 2008: 129-131), А. Тойшанның «Түрік-моңғол мифологиясы» (Тойшанұлы, 2009: 192), «Антропологиялық мифтердегі ит символы және «итжейде» салтының семантикасы (қазақ пен моңғолдың фольклорлық материалдары бойынша)» (Тойшанұлы, 2004: 5-6) еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар, басқа да түркі халықтарындағы итке байланысты арнайы зерттеу жұмыстары қаралды.

### Нәтижелер

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымындағы иттің алған орны мен маңызын археологиялық, мифологиялық, фольклор, этнографиялық зерттеу еңбектерінен тұрады. Хронологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, археологиялық қазба жұмыстарынан табылған итті жерлеу ғұрыптары, иттің сүйектері, көне аңыздар мен мифтердегі иттің орын алуы аталмыш тақырыптың бірнеше тарихнамалық кезеңдері бар екенін көрсетеді.

Бірінші кезең бойынша, XIX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерді қамтиды. Оған П. Маковецкийдің «Юрта» атты мақаласын (Маковецкий, 1893: 5), А.И.Добросмысловтың «Разведение и содержание киргизами собак и кошек» атты мақаласында көрініс тапқан (Добросмыслов, 1898: 35). Сонымен қатар, Я.Я. Полферов «Охота в Тургайской области (с рисунками)» шыққан кітабында қазақ тазысына қатысты жан-жақты мәлімет беріліп, оның түр сипатына да мән берілген (Полферов, 1896: 17) және т.б. зерттеулерде кездеседі.

Зерттеу жұмысының екінші кезеңін археологиялық деректермен байланыстыратын болсақ, итті жерлеу ғұрпы немесе археологиялық қазба жұмыстарынан иттің сүйектерінің табылуына қарай отандық зерттеушілердің



еңбектерінаптап өтуге болады. Оның ішінде неолит және энеолит кезеңдеріндегі итті жерлеу ғұрпы туралы мәліметтер В.Ф. Зайберт, А.В. Задорожнийдың «Исследование поселения Ботай в 2006 году»(Зайберт, 2007: 130–132) және т.б. ғалымдардыңзерттеу жұмыстарында беріледі. Ал, Қола дәуіріндегі жататын жерлеу орындарында ит сүйектерінің табылуы М.К. Карабаспаковтың «Жетысу и Южный Казахстан в эпоху бронзы» (Карабаспаков, 2011: 220), сияқты еңбектерінен көрініс табады. Сол сияқты ежелгікөшпелілер ғұрпындағы итпен бірге жерлеу дәстүрі А.К. Абетековтың «О погребении собак в усуньском кургане в Чуйской долине» (Абетековтың 1978: 59-65), Д.А. Дюсекееваның«Семантика захоронения собак, как проводника в иной мир и искупительной жертвы» (Дюсекеева, 2017: 542-544), Б.Б. Қожахметовтың «Қазақ даласының ежелгі тұрғындарының дүниетанымы мен жерлеу рәсімдеріндегі ит бейнесі хақында» (Қожахметов, 2015), М.С. Шагирбаевтың «Ерте көшпелілердің өнері мен дүниетанымындағы ит бейнесі» (Шагирбаев, 2016: 136-142) және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Ортағасырлардағы итті жерлеу ғұрпы негізінен А.Г. Максимованың «Эпоха бронзы Восточного Казахстана» (Максимова, 1959: 86-150), Ф.Х. Арсланованың «Погребения тюркского времени в Восточном Казахстане» (Арсланова, 1969: 43-57), Л.И. Ремпель «Некрополь древнего Тараза» (Ремпель, 1957: 102-111), және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі.

Қазақ халқының өмір тіршілігіндегі және дүниетанымындағы иттің орны мен маңыздылығын халықтың мифологиясында, фольклор үлгілерінде сақталғанын көреміз, осындай типтегі зерттеу жұмыстарын отандық және шетелдік зерттеулерді қарауды жөн көрдік. Соның ішінде Клод Леви-Стростың «Мифология: Человек голый» еңбегі (Леви-Стросс, 2007: 716), Джордж Волш «Ит культі» сияқты еңбектерді қарастыра келе (Волш, 1898: 120-123), отандық авторлардың ішінде С. Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» (Қондыбай, 2008: 129-131), А. Тойшанның «Түрік-моңғол мифологиясы» (Тойшанұлы, 2009: 192), «Антропологиялық мифтердегі ит символы және «итжейде» салтының семантикасы (қазақ пен моңғолдың фольклорлық материалдары бойынша)» (Тойшанұлы, 2004: 5-6) еңбектері қарас-

тырылды. Сонымен қатар, басқа да түркі халықтарындағы итке байланысты арнайы зерттеу жұмыстары қаралды.

#### 4. Нәтижелер.

Қазіргі кезде дүниежүзі халықтарының көне тарихи дүниетанымы әртүрлі сенімдермен байланысты болғаны белгілі. Соның ішінде тотемизмге байланысты орын алған сенім ұзақ жылдар бойы халықтардың этномәдени санасында орын алды. Тотемизмнің орын алуы этнос өміріндегі дәстүрлі шаруашылық үлгілеріне тікелей байланысты болды. Мысалы, көшпелі халықтарда жылқы, қасқыр және басқа да төрт түлік малға байланысты жануарлардың культке айналуы мындаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық түрлерімен байланысты болды.

Еуразия территориясының байырғы халықтары өз сенімдері мен нанымдарын осы күнделікті шаруашылығына байланысты әдеттерге және өмірлік қажеттіліктеріне байланысты ұстанды. Соның негізінде халық өмірінде мифтік сана қалыптасып, сонымен бірге мифтік санада аталған культтік образдар орын алады.

Осындай мифологиялық түсінікте әр этностың өміршеңдігімен қатар, наным-сенімдері қатар жүрді. Мұны ең алдымен дүниенің жаратылуына байланысты түсініктер, қоршаған ортаның өзгерістері мен тылсым дүние өзінше пайымдаулары қалыптаса бастады. Мысалы, әр этностың өз мифтік санасында өзінің қоршаған ортасы мен табиғатын, шаруашылық жүйесіне байланысты ұғымдарын қалыптастырды. Жоғары да аталғандай көшпелі халық үшін шығу тегін тұрғысынан көк бөріне қасиет деп таныса, шаруашылықтағы қызметіне байланысты жылқы және басқа да төрт түлік малдың қасиетіне қарай ерекшеледі. Соның ішінде қазақ халқы жылқы малын ерекше құрметтеп, культ ретінде көтерді. Мұны көне түркі тайпалары заманындағы сана мен ұғымдардың сарқыншақтары және археологиялық материалдар дәлелдеп отыр. Ал бертін келе қазақ халқының шаруашылық юрегейлігінде жылқының маңызы жоғары екені дәлелденген.

Көшпелі қоғамда мал шаруашылығымен қатар, бірнеше кәсіп түрлері, аңшылық дәстүрлері де болды. Байырғы аңшылар үшін, әр түрлі қаруларды пайдаланумен қатар, қыран бүркітті, құмай тазыны аңға қосу аңшылықтың

ең дамыған формасы ретінде сақталды. Аңшылықтың мұндай деңгейде дамып жетілуі халықтың мифтік санасындағы табиғатқа деген сенімі, қоршаған ортаға деген көзқарасы маңызды болды. Көшпелілер табиғи жағдайды бақылау, ауарайының өзгеруіне қарай өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға да халықтың тарихи санасы, ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі әсер етті. Бұл тұрғыда халық өміріндегі әртүрлі жануарлардың мифтік образға өтуін байқауға болады. Соның ішінде қазіргі кезде ғылыми зерттеулерде көшпелілер өміріндегі иттің мифтік образы ғалымдар үшін қызығушылығын танытып отыр.

Қазақ халқының мифологиясында итке байланысты бірнеше мифтер сақталған. Бұл мифтердің мағынасы мен сипатына қарай бөлетін болсақ, иттің жаратылуы, ит пен адамның байланысы, иттің басқа да жануарлармен байланысы, иттің жыл басы ретінде жыл айналымында орнын анықтайтын мифтер бар. Осы мифтердің бірі, иттің жаратылуына байланысты болып келеді. Мысалы, мифте, Алла Тағала адамның тәнін топырақтан жаратқаннан кейін, жерге қойып, итке күзеттіріп, өзі тәнге жан алып келмекші болып кетеді. Сол кезде адам тәнінің жанына шайтан келіп, тәнді жоғалтпақшы болады. Мұны байқаған ит тәнді шайтанға бұзуға бермей, үріп, өзіне қарсы шауып тұрады. Сонда шайтан итке суық жібереді. Ит жүнсіз тақыр болған соң, суыққа ұшырап, өліп қалған мезгілінде, шайтан адамның тәніне жақын келіп, неше мәрте түкіріп жіберген. Соның үшін күнәнің басы осыдан басталып, азап көру, ауыру осыдан қалған екен. Сол кезде Алла Тағала қайтып келіп, жанды тәнге салып, шайтанға қаһар қылып, сонда да бұл ауру мен күнәны адамда қалдырған. Ал итке адамға жақсы адал қызмет қылғаны үшін оған жылы тон берген екен (Бабалар сөзі, 2011: 123-127). Осы мәндес мифте иттің адам жаратылуымен қатар, немесе одан бұрын жаратылғаны баяндалады. Сонымен қатар, иттің адам тәнін күзетуші ретінде функционалдық міндетіне байланысты мәлімет берілген. Ал, адам өміріндегі ауыру және күнәлі істердің орын алуына себепші болған шайтан образы мифтердің көптеген түрлерінде адамға зиян беруші ретінде көрінеді. Ал адам баласының осындай негізгі қарсыласы болған шайтанға қарсы адамды күзету оған Алла тағаладан берілген міндет сияқты түсіндіріледі. Сонымен қатар, шайтанның итке жіберген

суығынан қорғану үшін итке берілген тонның негізінде қалыптасқан жүні оның да жетілу, қазіргі бейнесіндегі сюжеттерлі көрсетеді. Қазақ халқындағы осы мифтік сюжеттерді Ақеділ Тойшанұлы моңғол халқының итке байланысты мифтерімен салыстырып қарастырады. Оның пікірінше иттің жаратылуына байланысты қазақ және моңғол халықтарының мифтерінде өзара ұқсастық пен толықтыратын мәліметтер кездеседі. Мысалы, қазақ мифтерінде ит жалаңаш жаралғандығы анық айтылады. Ал моңғол халқының мифтерінде адам әу баста түкпен жаратылғаны ашық көрсетіледі. Адам денесіндегі түкті шайтан былғаған соң, Тәңір бұл түкті итке кигізіп, адам жалаңаш қалғандығы баяндалады. Жалпы моңғол халқындағы бірінші сюжетте адамның былғанған жүнін Тәңір мысыққа жалатып, тазартады да, оның тілі жетпеген қолтық-шапта түктер қалғанын көрсетеді. Сол сияқты шайтан былғап үлгермеген адамның басында қалған шаштың себебін де түсіндіріп өтеді. Қазақ халқындағы мифтерде мұндай сарындар кездеспейді, дегенмен моңғол халқының кейбір мифтер қазақ мифін толықтырып тұр. Жалпы, адамның жаратылуына байланысты және ит тонды боп, адамның жалаңаш қалуы туралы мифтік сюжеттер әлемнің басқа да көптеген халықтарында таралған.

XIV ғасырдың ескерткіші Рабғузидің «Қисас-ул әнибийя» аттың еңбегінде, Адам ата мен Хауа ананың жерге түскенде, адамды әртүрлі аңдар қоршап алады. Сонда Алла тағала адамға иттің басынан сипа деп әмір етіледі. Адам иттің басынан сипады. Ит ол жыртқыштарды қуалап, күш көрсеткендерді өлтіреді. Опа қылған себепті ит адамға жолдас болады (Сағындықұлы, 1997: 270). Миф сюжетінде адам мен иттің өзара бір-біріне байланысты екені көрсетілетіндей. Сонымен қатар, миф бойынша иттің адам алдындағы рөлінің жоғары екені сипатталады. Осы сияқты мифтік сюжеттерде мысық пен иттің қолға үйренгені жөнінде де мәліметтер келтіріледі. Мысалы, миф бойынша кемпір мен шалдың үйіндегі мысықпен иттің оқиғасы беріліп, ондағы мысықтың сүтке тойғаннан кейін ұйықтап, ал ит болса, тамаққа тойған соң түнімен қора күзетіп, кемпір мен, шалдың малын түнде қасқырдан қорғайды (Бабалар сөзі, 2011: 123-127). Байқап отырсақ мұнда да иттің қорғаушы, күзетуші қасиетіне басымдық беріледі. Бұл миф пен алғашқы мифты

салыстырып зерттесек, ит жаратылысынан адамның тәнін қорғасы, ендігі жерде адамның малын қорғайтын қызметі ашылады. Мағынасы жағынан ұқсас екі мифте де иттің функциясы қорғау, күзету болып отыр. Сонымен қатар, миф иттің адам қолына үйренуінде өзінің міндеттері бар екені көрсетіледі.

Ал иттің жаратылуына байланысты Н. Мыңжанұлының «Қазақтың мифтік аңыздары» деген еңбегінде былай келтіреді: «Жасаған енді жердің иесін жарату үшін жер кіндігінен топырақ алып, бір ер, бір әйелдің мүсінін жасап, күнге кептіріп, аузынан үрлеп, жан енгізіпті. Олар орнынан тұрып, өмір тірлігін бастапты. Жасаған балшықтан илеп, адам мүсінін жасағанда оның кіндігінен ойып тасталған бір шөкім балшықтан итті жаратқан екен. Иттің үнемі адамнан айырылмай, қайда барса да, иесінің мал-мүлкін қорып, адамға серік болып жүретін себебі сол», - дейді (Мыңжан, 1996:13-28). Бұл мифтегібірқатар мәліметтерді А. Тойшанұлымоңғол халқында да бар екенін көрсетеді (Тойшанұлы, 2009: 192). Сол сияқты адам мен иттің жақындығын мифтік сюжеттерде, тағы да былай көрсетеді. Миф бойынша орманға әмірлігін жүргізіп отырған арыстан, иттің оған мақтау айтпай өзімен өзі жатқанын байқап, оған төне келіп тиіседі. Сонда ит оны менсінбей тәкаппарлана сөйлеп, әлемдегі тіршілік иесіне адамнан артық билік ете алмайсын дейді. Сонда бұған ашуланған арыстан итті орманна қуып, аңдар арасында оған орын жоқ екенін көрсетеді (Бабалар сөзі, 2011: 123-127). Міне осыдан бері иттің адамдар тұратын мекендерді жағалап, адамның берген тамағымен күн көріп жүретін болған.

Қазақ дүние танымындағы ит образы жөнінде Серікбол Қондыбайдың шығармаларында да қызықты мәліметтер кездеседі, оның еңбектерінде иттің образын культтік деңгейге көтеру, гиперболизациялау байқалады. Мұнда иттің шығу тегі, иттің мифологиялық бейнесі мен иттің адам өміріндегі қызметі беріледі. Сонымен қатар, қазақ халқының сөздік қорындағы итке байланысты сөздерді пайдалана отырып дәстүрлі тіршіліктегі рөлін анықтайды. Мысалы, Серікбол Қондыбай қазіргі қазақтардың танымында қасқыр мен иттің орны айтарлықтай маңызды болмаса да, көне түркі кезеңдерден бері мифологиялық сипатқа ие жануар болып табылады. Көптеген этнографиялық және әдеби

фольклорлық мәліметтерді қарайтын болсақ, қасқыр және ит культі арғы қазақ мифологиясында айтарлықтай көрініс тапқан.

Ит сөзі С. Қондыбай бойынша прототүркілік «інт» / «інгіт» немесе ңінт/ «гінгт» сөз түрінен шыққан. Жалпы иттің мифологиялық бейнесі палеолит аңшыларының итті пайдалануынан туындаған. Иттің аңшылардың қосын күзетуі, із кезуге көмектесуі, аң аулауы және т.б. мифологиялық бейнесінің қалыптасуына негіз болды (Қондыбай, 2008: 129-131).

Мифологиялық қасқыр және ит бейнесі ортақ алғаш жыртқыш бейнесімен тарайды. Иттің қолға үйренуі оның мифологиялық бейнесін қасқырға қарағанда ерекшеленуіне алып келеді. Сондықтан ит пен қасқыр өзара типологиялық деңгейде бірдей болып табылады. Мұнда қазақтың «иттің иесі, қасқырдың тәңірісі бар» деген тәмсілінде ежелгі көзқарас көрінеді.

Ит адам қолына б.з.б.,13-7 мыңжылдықта мезолит кезеңінде қолға үйретілген жануар екені белгілі. Итті аңшылыққа адамдар бұдан ерте кезден ақ пайдалана бастаған. Мұны жан-жақты түсіну үшін тас ғасырында қалыптасқан иттің мифтік образын дұрыс түсінуіміз керек. Оны ең алдымен аңшылық кезеңдердегі иттің қызметін орынды қарастыруымыз керек. Жалпы, қазақ халқының мифологиялық санасында әртүрлі аңыздар мен ертегілер сақталған. Мұның біразы халықтың хандық дәуіріндегі тұрмыс тіршілігіне, аңшылыққа байланысты қалыптасты. Мұнда ең алдымен қазақ тазысының орны ерекше аталып өтеді. Мысалы, құмай тазы мен төбет иттің құс жұмыртқасынан шыққандығы сияқты аңыздар беріледі.

Археологиялық материалдарда яғни қазба жұмыстарынан табылған артефактілердің итке байланысты беретін ақпараттары да өте қызықты. Бұл жөнінде әр кезеңнің мәдени қабатынан табылған ит сүйектері мен итті жерлеу ғұрыптары кейбір ғалымдардың итті культ ретінде бағалауына мүмкіндік берді. Мысалы, Ортағасырлық Отырар қаласында 1971-1972 жж. 1547 астам үй жағнуарлары мен аңдардың сүйектері табылған. Соның ішінде түйе, жылқы, сайгақ, ит және түлкі сүйектері табылған. Оның сақталу жағдайы әртүрлі. Алайда ит, және түлкінің сүйектері бірегей болып табылады. Сүйектердің саны жағынан ірі қара, қой және жылқы сүйектері басым сақталған (Макарова, 1974: 205).

Ал, 1966 жылы Ф.Х. Арсланованың Шығыс Қазақстан аумағында жүргізген археологиялық зерттеулерінде Зевакин қорымынан иттің және жылқының сүйектері 4, 105, 114, 126, 141 қорғандарында табылғанын көрсетеді. Ғылыми есептерде ғұрыптық жерлеу орындарында иттің және жылқының сүйектері кездеседі. Осы деректерге сүйене келе Ф.Х. Арсланова Жоғарғы Ертіс бойындағы ерте түркілік тайпаларда «ит культі» болған деген тұжырым жасайды (Арсланова, 1969: 51). Ал, Д.А. Дюсекеева өзінің «Семантика захоронения собак, как проводника в иной мир и искупительной жертвы» атты мақаласында жерлеу орындарында итті жерлеу ғұрыптарының да кездесуін бұл салттың негізгі мәні «күзетумен» байланысты деп тұжырымдайды (Дюсекеева, 2017: 543).

Сол сияқты кейінгі археологиялық зерттеу жұмыстарында археозоологиялық материалдардың нәтижелері де үлкен мән беруді қажет етеді. Мысалы, 2021 жылы еліміздің Талас өңірі Талапты төрткүлінде жүргізген қазба жұмыстарында ортағасырлық X–XI ғғ. жататын мәдени қабаттарында жануарларының сүйектері шықты. Е. Ақымбек пен М. Шағырбаев зерттеулерінде бұл сүйектердің 95 % үй жануарларына тиесілі. Соның ішінде ит сүйектерінің саны 7 данадан тұрады. Барлық сүйектер кемінде бір жануардан тарайды. Талапты төрткүлінде табылған жануар сүйектерінде мүжуден қалған тіс іздері мен ит сүйектерінің табылуы тұрғындар шаруашылығында бұл жануарлардың тұрақты өмір сүргенін көрсетеді (Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., 2022: 149).

Сонымен қатар, Абетековтің зерттеулерінде үйсін дәуіріне жататын обаларда итті жерлеу ғұрыптары да кездескен, оны зерттеуші тоналған обаларды күзету үшін, арнайы «күзетуші» символына алға тарта отырып, мәйіттің туысқандары жерлеген дегшен ой айтады (Абетеков, 1978: 58-65).

Мифологиялық сюжеттер мен археологиялық қазба жұмыстарынан табылған материалдардың қорытындысында иттің культ ретінде қарастырылуы Еуразияның көне тайпаларына тән таным болған. Ал кейінгі ғасырларда иттің қызметі мен сенімі тек шаруашылық деңгейде қалыптасты. Яғни дадамдардың итке деген қажеттілігі үй күзету үшін немесе аңшылық үшін қажет болды. Оны этнографиялық мәліметтерден нақты айғақ аламыз.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы деректік зерттеулерде қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылығына қатысты көптеген мәліметтер беріледі. Соның ішінде А.И. Добросмысловтың «Разведение и содержание киргизами собак и кошек» атты мақаласында қазақтардың шаруашылығындағы иттер мен мысықтардың қажеттілігі, оның маңызы және олардың саны да көрсетіледі. Сол сияқты ит пен мысықтардың түрлері, иттерді бағу, оны қолға үйретіп алу, малды қорғауға үйрету жағдайлары, аңға шығуға дайындау, иттің аурулары мәселелері де қарастырылған (Добросмыслов: 1898: 35). Ал, Я.Я. Полферовтың «Охота в тургайской области (с рисунками)» Қазақ тазысының бойы биік, 80-85 см дейін жетеді, оның тұмсығы ұзын, үшкір болып табылады. Дене бітімі жіңішке, іші тартылыған, кеудесі кең, аяғы ұзын және жіңішке болатыны. Құйрығы жіңішке, тік болып келетіні, бұлшық еттері жетілген, түсі сары және қара болатыны жазылады.

Сонымен қатар, автор қазақ тазысы далалық және тау тазысы болып екіге бөліп қарастырады. Оның ішінде далалық тазының бойы биік, дене бітімі мығым, ол қасқырды тез және оңай алады. Сол үшін қазақтар оны «бөрібасар» деп атағанын. Ал таулы тазылар бойы аласа, жіңішке болып ерекшеленеді. Мұнда дала тазысына таулы жерлерде аң аулауына қиындықтар болатынын және олар өзін таулы аймақтарда да жараланып, шаршап қалатынын айтып өтеді (Полферов, 1896: 17). Иттің халық өміріндегі шаруашылықта, аңшылықтағы қызметі жөнінде А.У. Тоқтабайдың еңбегінің де маңызы зор, автор өз зерттеу жұмысында қазақ тазысының шығу тарихына, түрлеріне, дене тұрқыны, олардың аңшылықтағы қасиетіне, қабілетіне аса мән беріп, оны ғылыми тұрғыда дәйекті деректермен сипаттайды (Тоқтабай, 2013: 156).

Жалпы, итке байланысты қазақ халқында көптеген мақалдар, жұмбақтар, ұғымдар, дәстүрлер мен тиымдар кездеседі. Мысалы, П. Маковецкийдің «Юрта» атты мақаласында қазақтар арасында киіз үй есігін «иткерме» деп те атайтыны жазылады. Мұнда киіз үйдің ішіне иттің кірмеуі үшін, иттен қорғау үшін жасалған есік екенін анықтайды (Маковецкий, 1893: 5). Осындай ұғымдардың ішінде иттің жағымсыз образын көрсететін атаулар көп. Қазақтың дәстүрлі отбасылық жүйесіндегі «күшік күйеу» ұғымын алып қарайтын болсақ, оның қызметі



мен дәрежесі қоғамдық статусын көрсетеді. Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи- этнографиялық шолу)» атты зерттеуінде былай береді: Ата-анадан ерте қалып, жетімшіліктің жоқшылықтың зардабын басынан өткізген жарлы жігіт ес білісімен өз еңбегімен күн көруге кіріседі. Мұндай адамдардың әдетте қалыңмал беріп әйел алуға, өз бетімен үй болуға көбінесе мүмкіндігі болмайды. Сондықтан олар көп жыл бойы жалға жүріп, үйлену үшін мал табуға кіріседі. Кейде олар қызы бар, ұлы жоқ адамдарға бірнеше жыл қалыңмал үшін қызмет істеп, қызын алатын. Мұндайлар көбінесе қайын атасының қолына кіріп, қызына үйленетін, оларды «күшік күйеу» деген. Мұндай ат қою тегін емес. Өз елінде жаңашыры жоқ жарлы жігіттер бөтен елде кәсіп қуып жүріп үйленіп, қайын жұртында қалып қойса, оны кірме күйеу деп атадыратын. Бірақ барлық шаруашылығы қайын атасының шаруашылығынан бөлек болады» (Арғынбаев, 1973: 72).

Жалпы, қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетінде иттің орнын әртүрлі қырынан талданады. Соның ішінде итті жағымсыз тұрғыда сипаттайтын ұғымдар да жеткілікті. Солардың ішінде *ит жеккен*, *ит байласа тұратын жер емес*, *иттің баласы*, *ит қалмақ*, және т.б. кездеседі.

Қазіргі кезде, елімізде асыл тұқымды иттер қатарына қазаы төбет пен қазақ тазысын ерекше қорғау шаралары қолға алынып келеді. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдары этнографиялық зерттеулер жүргізді. Экспедиция жұмыстары Қызылорда облысы, Сырдария өзенінің сол жақ бетіндегі Солтүстік Қызылқұм үстіндегі Қызылқайың ауылы, Сырдарияның оң жақ бетіндегі Сырдария ауданы С. Сейфуллин ауылы, Ортағасырлық Қышқала қаласы, Шиелі ауданы өңіріндегі Қаратау қыраттарындағы Сауысқандық жартас суреттері, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Өрнек ауылы, Аққайнар, Бөрішолақ, Мәтібұлақ шатқалдарындағы жартас суреттері, малшы қоныстарын қамтыды. Экспедиция барысында геоархеологиялық, этноархеологиялық, зоологиялық, этнографиялық, этнофольклорлық зерттеу жүргізілді.

Геоархеологиялық зерттеу Сауысқандық, Аққайнар, Бөрішолақ, Мәтібұлақ жартастарын қамтыды. Жартастағы ит, қасқыр бейнелеріне, «ит-адам», «қасқыр-адам» бейнесіне классификация, далалық интерпретация, фототіркеу, далалық

цифрлау, шифрлау, құжаттау, паспорттау жүргізілді. Ал, этноархеологиялық зерттеу жоғарыда көрсетілген петроглифтер шоғырында, Ортағасырлық Қышқала археологиялық базасында қарастырылды.

Сонымен қатар, зоологиялық зерттеу Қырғызстан және қазақ жерінің оңтүстігінде жүргізілді. Этнографиялық зерттеу қазақы ит тұқымы тазы, төбетті мал шаруашылығына, аңшылыққа баулу, наным-сенім, ритуал, фольклор, мифология тұрғысынан жүргізілді. Бұл қазақ тұрмысындағы ит көйлек/ит жейде, тыштыма, баланы қырқынан шығарғанда итжидеге тәтті орап ит мойнына байлап жібері, итырылдар, итпен байланысты этномедицинаға қатысты мәліметтер жиналды. Сонымен қатар, дәстүрлі аңшылықтағы қасқыр алудың халықтық білімі, қасқырмен байланысты этномедицина, қақпан құру әдістері зерттелінді. Мұнда *бөрібасар* төбеттің «қора сақшысы» ретіндегі қасиеті далалық жағдайда бақыланды. Қалалық «питомниктердегі» төбет, тазылар мен далалық төбет, тазылардың этнозоопсихологиясындағы айырмашылықтар зерделенді (АДМ, 2022).

### Қорытынды

Қазақ халқының этномәдениетіндегі киелі ұғымдар мен тотемдік сенімдер арасында культке айналған жануарлар жеткілікті. Ал, мифологиялық дүниетаным мен археологиялық деректердегі, сол сияқты этнографиялық материалдардағы иттің орны мен халық өміріндегі қызметі, шаруашылықтағы, аңшылықтағы орны зерттеушілер үшін өзекті мәселе ретінде қарастырылып отыр. Жалпы, алғанда қазақ Еуразия даласының байырғы халықтары итті «қорғаушы», «күзетуші» ұғымдық таныммен түсініп, кейбір жағдайларда культ деңгейіне көтерген. Соған сәйкес оған құрмет көтсеткен. Ал қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде итті «күзетуші» және «аңшы» яғни аңшылықтың құралы ретінде пайдаланды. Сәйкесінше жақсы төбет пен құмай тазыға ерекше құрмет көрсетті. Алайда культ деңгейінде оның ғұрыптық ерекшелеген жоқ. Дәстүрлі тұрмыста, жақсы иттердің құны да қадірі де болды. Дегенмен жылқы, қыран бүркіт сияқты оған арнайы күтім жасап, баптамады. Осындай пікірлер негізінде қазақ халқының дүниетанымындағы иттің орынын әлі де болса жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

## Әдебиеттер

- Маковецкий П. (1893). Юрта // Записки Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества. Кн XV. Вып. 3. Омск, С. 5.
- Добросмыслов А.И. (1898). Разведение и содержание киргизами собак и кошек // ТГ. 1898. № 35.
- Полферов Я.Я. (1896). Охота в тургайской области (с рисунками). Издания Статистического Комитета. Оренбург, С. 17-23.
- Зайберт В.Ф. (2007). Исследование поселения Ботай в 2006 году / В.Ф. Зайберт, А.Ж. Тюлебаев, Ю.В. Кулаков, А.В. Задорожный // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» в 2006 году. Алматы. С. 130-132.
- Карабаспакова К.М. (2011). Жетысу и Южный Казахстан в эпоху бронзы. Алматы, 220 с.
- Абетеков А.К. (1978). О погребении собак в усуньском кургане в Чуйской долине // КСИА. Вып. 154. С. 59-65.
- Дюсекеева Д.А. (2017). Семантика захоронения собак, как проводника в иной мир и искупительной жертвы // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ф.Қ. Омаров. II-бөлім. Алматы: Қазақ университеті. С. 542-544.
- Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. (2022). Ортағасырлық Талпты төрткүлінің археологиялық материалдарын талдау (2021 ж. қазба жұмыстары бойынша // Қазақстан археологиясы. №2. – 149 б. <https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.154>.
- Кожаметов Б.Б., (2015). Қазақ даласының ежелгі тұрғындарының дүниетанымы мен жерлеу рәсімдеріндегі итбейнесі хақында (15 маусым 2015 ж.) // <http://gylymordasy.kz> (қаралды: 10.05.2020 ж.)
- Шағырбаев М.С. (2016). Ерте көшпелілердің өнері мен дүниетанымындағы ит бейнесі // Абай ат. ҚазҰПУХабаршы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №3. 136-142 бб.
- Максимова А.Г. (1959). Эпоха бронзы Восточного Казахстана. «Тр. ИИАЭ АН КазССР». Т.7. С. 86-150.
- Арсланова Ф.Х. (1969). Погребения тюркского времени в Восточном Казахстане // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата. С. 43-57.
- Ремпель Л.И. (1957). Некрополь древнего Тараза // КСИИМКА АН СССР. Москва. Вып. 69. С. 102-111.
- Леви-Строс К. (2007). Мифология: Человекголий. М.: ИД «Флюид». 784 с.
- Walsh G.E. (1898). The Cult of the Dog // The North American Review, Jul., Vol. 167, No. 500 (Jul., 1898), pp. 120-123.
- Қондыбай С. (2008). Толық шығармалар жинағы. 12 том. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. Алматы: «Арыс» баспасы. 536 б.
- Тойшанұлы А. (2009). Түрік-моңғол мифологиясы: Монография. Алматы: «Баспалар Үйі». 192 б.
- Тойшанұлы А. (2004). Антропологиялық мифтердегі ит символы және «итжейде» салтының семантикасы (қазақ пен моңғолдың фольклорлық материалдары бойынша) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 5-6.
- Бабалар сөзі. (2011). Жүзтомдық. Астана: «Фолиант», Т. 78: Қазақ мифтері. 448 б.
- Сағындықұлы Б. (1997). Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым, 1997. 296.
- Токтабай А. (2013). Қазақ тазысы. III. III. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты. Алматы: Атамұра. 156 б.
- Мыңжанұлы Н. (1996). Қазақ мифтік аңыздары. Алматы: Ғылым, Б. 13-28.
- Макарова Л.А. (1974). Кости животных из некоторых археологических раскопок в Казахстане // В глубь веков / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. С. 201-206.
- Арғынбаев Х. (1973). Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алма-Ата: Ғылым. 72 б.
- АДМ. 2022. - Автордың далалық материалдары. (Қызылорда, Жамбыл облыстары).

## References

- Makovetsky P. (1893). Yurt // Notes of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society. Book XV. Issue. 3. Omsk. S. 5.
- Dobrosmyslov A.I. (1898). Breeding and maintenance of dogs and cats by Kirgiz // TG. No. 35.
- Polferov Ya.Ya. (1896). Polferov Hunting in the Turgai region (with drawings). Editions of the Statistical Committee. Orenburg, 1896. S. 17-23.
- Seibert V.F. (2007). Study of the Botai settlement in 2006 / V.F. Seibert, A.Zh. Tyulebaev, Yu.V. Kulakov, A.V. Zadorozhny // Report on archaeological research under the state program "Cultural Heritage" in 2006. Almaty, 2007, pp. 130–132.
- Karabaspakova K.M. (2011). Zhetysu and South Kazakhstan in the Bronze Age. Almaty. 220 p.
- Abetokov A.K. (1978). On the burial of dogs in the Usun kurgan in the Chui valley // KSIA. Issue. 154. S. 59-65.
- Dyusekeeva D.A. (2017). The semantics of the burial of dogs as a guide to another world and a redemptive sacrifice // Proceedings of the international scientific-methodical conference "Studies of IH Orazbayev" entitled "Modern methods and approaches in the study of the historical and cultural heritage of Kazakhstan and neighboring countries" / Responsible editor. G.K. Omarov. Part II. Almaty: Kazakh University. S. 542-544.
- Aqymbek E.Sh., Shaғыrbaev M.S. (2022). Ортағасырлық Талпты төрткүлінің археологиялық материалдарын талдау (2021 ж. қазба жұмыстары бойынша) [Analysis of the archeological materials of the medieval Talpty chertkul (2021 excavations)] // Qazaqstan archeologiasy. – №2. – 149 b. <https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.154>.

- Kozhakhmetov B.B. (2015). About the worldview of the ancient inhabitants of the Kazakh steppe and the image of a dog in funeral ceremonies (June 15, 2015) // <http://gylymordasy.kz> (viewed: 05/10/2020).
- Shagyrbayev M.S. (2016). The image of a dog in the art and worldview of early nomads // Abai at. KazNPU Khabarshi. "History and political and social sciences" series. No. 3. pp. 136-142.
- Maksimova A.G. (1959). Bronze Age of East Kazakhstan. "Tr. IIAE AN KazSSR. V. 7. S. 86-150.
- Arslanova F.Kh. (1969). Burials of the Turkic time in East Kazakhstan // Culture of ancient pastoralists and farmers of Kazakhstan. Alma-Ata, 1969, pp. 43-57.
- Rempel L.I. (1957). Necropolis of ancient Taraz // KSIIMKA AN USSR. Moscow, Issue. 69. S. 102-111.
- Levi-Strauss, 2007 - Levi-Strauss K. Mythology: Man naked. M.: ID "Fluid", 2007. 784 p.
- Walsh G.E. (1898). The Cult of the Dog//The North American Review, Jul., 1898, Vol. 167, No. 500 (Jul., 1898), pp. 120-123.
- Kondybay S. (2008). Complete collection of works. 12 volumes. Ancient Kazakh mythology. Book 4. Almaty: "Arys" publishing house, 536 p.
- Toyshanuly A. (2009). Turko-Mongol mythology: Monograph. Almaty: "Publishing House." 192 p.
- Toyshanuly A. (2004). The symbol of the dog in anthropogenic myths and the semantics of the "dog shirt" tradition (according to Kazakh and Mongolian folklore materials) // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Language, literature series. No. 5-6.
- Grandfather's speech. (2011). One hundred volumes. Astana: Foliant, Vol. 78: Kazakh myths. 448 p.
- Sagindykuly B. (1997). Amazing secrets of the universe. Almaty: Nauka. 296 p.
- Toktabay A. (2013). Kazakh greyhound. Sh. Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty: Atamura. 156 p.
- Mynzhanuly N. (1996). Kazakh mythical legends. Almaty: Nauka. p. 13-28.
- Makarova L.A. (1974). Animal bones from some archaeological sites in Kazakhstan // Into the depths of centuries / Ed. ed. K.A. Akishev. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. S. 201-206.
- Argynbaev Kh. (1973). Family and marriage in the Kazakh people (historical-ethnographic review). Alma-Ata: Nauka. 72 p.
- ADM, 2022 - Avtorдың dalalyq materialdary. Qyzylorda, Jambyl oblystary [Author's field materials. Qyzylorda, Zhambyl regions].